

**Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығаруға немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізуге нарядтар беру нысанын және қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 747 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 желтоқсанда № 12516 болып тіркелді.

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 11.01.2021 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 860 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарымен операциялар жүргізу қағидаларының 39-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 11.01.2021 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**1. Мына:**

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығаруға немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізуге наряд нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығаруға немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізуге нарядтар беру қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 11.01.2021 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті:**

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімдік баспасөз басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. "Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығаруға нарядтар беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 531 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7390 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2012 ж. № 3, 445-құжатта жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрық оны алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 30 қарашадағы  
№ 747 бұйрығына  
I-қосымша  
Нысан

### Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті

Ескерту. Нысан жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 28.02.2022 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығаруға немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізуге № \_\_ наряд 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Кімге \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Жүк жіберуші \_\_\_\_\_

Жүк алушы \_\_\_\_\_

Төменде көрсетілген мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары немесе кәдеге жаратылған тауарлары

Р/с №	Материалдық құндылықтардың немесе кәдеге жаратылған тауарлардың атауы	Өлшем бірлігі	Дайындалған/ сақталған күні	Өндіруші	Саны	Бірлік үшін бағасы, теңге	Сомасы, теңге

\_\_\_\_\_ (жазбаша) сомасына оның ішінде қосылған құн салығы \_\_\_\_\_ теңге.

Шығару: жаңартуға байланысты (оның ішінде: сараптама жүргізу үшін, басқа мемлекеттік органдардың балансына беру үшін), қарызға беру тәртібімен, броньнан шығару тәртібімен, кәдеге жаратылған тауарларды өткізу тәртібімен жүргізіледі (қажеттісінің астын сызу керек).

Материалдық құндылықтарды шығарудың немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізудің негізі: \_\_\_\_\_

Материалдық құндылықтарды (жаңартуға байланысты және мемлекеттік материалдық резервтің номенклатурасы өзгерген кезде броньнан шығару тәртібімен материалдық құндылықтарды шығару кезінде) немесе кәдеге жаратылған тауарларды (кәдеге жаратылған тауарларды өткізу кезінде) шығару мерзімі \_\_\_\_\_

Нарядқа қол қоюға уәкілетті адамдар:

\_\_\_\_\_  
(лауазымы) (аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (қолы))

\_\_\_\_\_  
(лауазымы) (аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (қолы))

\_\_\_\_\_  
(лауазымы) (аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (қолы))

Мөрдiң орны

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 30 қарашадағы  
№ 747 бұйрығына 2-қосымша

## **Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығаруға немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізуге нарядтар беру қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

**Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 11.01.2021 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Осы Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығаруға немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізуге нарядтар беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 860 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарымен операциялар жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – Операциялар жүргізу қағидалары), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 859 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын есептен шығару және кәдеге жарату (жою) қағидаларына (бұдан әрі – Есептен шығару қағидалары) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17

қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларына сәйкес әзірленді және мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығаруға немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізуге нарядтар берудің тәртібін айқындайды.

2. Нарядтар беруді Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – Комитет) мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды оларды жаңартуға байланысты (оның ішінде, материалдық құндылықтардың сапалық жай-күйі мен техникалық регламенттерінің талаптарына және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкестігі бойынша сараптама жүргізу үшін, басқа мемлекеттік органдардың балансына беру үшін), қарызға беру, броньнан шығару және кәдеге жаратылған тауарларды өткізу кезінде жүзеге асырады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 28.02.2022 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Материалдық құндылықтарды оларды жаңартуға байланысты шығару кезінде наряд беру сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама, мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару жөніндегі аукцион жеңімпазымен сатып алу-сату шарты, шарт талаптарында көзделген иеліктен шығарылатын материалдық құндылықтар құнының толық төленгенін растау негізінде жүзеге асырылады.

Жаңартылуға жататын мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын және номенклатура өзгерген кезде броньнан шығарылған материалдық құндылықтарды басқа мемлекеттік органдардың балансына беру үшін материалдық құндылықтарды шығару кезінде наряд беру алушы мемлекеттік органдармен және мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның шешімімен өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау үшін жаңарту тәртібімен материалдық құндылықтарды шығару кезінде наряд беру мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау үшін мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын пайдалану туралы шарттың негізінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 28.02.2022 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Қарызға беру тәртібінде материалдық құндылықтарды шығару кезінде наряд беру "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – "Азаматтық қорғау туралы" Заңы) 12-1-бабының 17-1) тармақшасына сәйкес қабылданатын

мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органның шешімі және мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын қарызға беру туралы алушымен шарт (келісім-шарт) негізінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 16.06.2023 № 329 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Броньнан шығару тәртібімен материалдық құндылықтарды шығару кезінде наряд беру мынадай жағдайларда:

- 1) табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдау;
- 2) гуманитарлық көмек көрсету;
- 3) босқындарға көмек көрсету;
- 4) нарыққа реттеушілік ықпал ету;
- 5) мемлекеттік материалдық резервтің номенклатурасын өзгерту;
- 6) кәдеге жарату немесе жою кезінде жүзеге асырылады.

6. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдау үшін броньнан шығару тәртібімен материалдық құндылықтарды шығару кезінде наряд беру "Азаматтық қорғау туралы" Заңның 12-бабы 1-тармағының 45) тармақшасына сәйкес қабылданатын азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай мен оның салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдау үшін броньнан шығару тәртібімен материалдық құндылықтарды шығару кезінде наряд беру "Төтенше жағдай туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 3-1-бабының 5-1-тармағына сәйкес қабылданатын әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және оны жою жөніндегі мемлекеттік органның шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Гуманитарлық көмек көрсету, босқындарға көмек көрсету үшін броньнан шығару тәртібімен материалдық құндылықтарды шығару кезінде наряд беру "Азаматтық қорғау туралы" Заңның 11-бабының 42) тармақшасына сәйкес қабылданатын Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

Нарыққа реттеушілік ықпал ету үшін броньнан шығару тәртібімен материалдық құндылықтарды шығару кезінде наряд беру "Азаматтық қорғау туралы" Заңның 11-бабының 42) тармақшасына сәйкес қабылданатын Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі және сауда қызметінің субъектілерімен нарыққа реттеушілік ықпал ету үшін мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару жөніндегі шарттың, шарт талаптарында көзделген иеліктен шығарылатын материалдық құндылықтардың құны толық төленгенін растайтын құжаттың негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік материалдық резервтің номенклатурасы өзгерген кезде броньнан шығару тәртібімен материалдық құндылықтарды шығару кезінде наряд беру сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама, мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару жөніндегі аукцион жеңімпазымен сатып алу-сату шарты, шарт талаптарында көзделген иеліктен шығарылатын материалдық құндылықтардың құны толық төленгенін растау негізінде жүзеге асырылады.

Кәдеге жарату үшін броньнан шығару тәртібімен материалдық құндылықтарды шығару кезінде наряд беру кәдеге жарату қызметтерін көрсету туралы шарт негізінде жүзеге асырылады.

Жою үшін броньнан шығару тәртібімен материалдық құндылықтарды шығару кезінде наряд беру мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органның шешімі негізінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 16.06.2023 № 329 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Кәдеге жаратылған тауарларды аукцион өткізу тәртібімен өткізу кезінде наряд беру сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама, аукцион жеңімпазымен сатып алу-сату шарты, шарт талаптарында көзделген иеліктен шығарылатын кәдеге жаратылған тауарлардың құны толық төленгенін растайтын құжат негізінде жүзеге асырылады.

Кәдеге жаратылған тауарларды басқа мемлекеттік органдардың балансына беру арқылы өткізу кезінде наряд беру мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

8. Материалдық құндылықтарды беру Операциялар жүргізу қағидаларының 39-тармағына сәйкес наряд негізінде жүзеге асырылады.

Кәдеге жаратылған тауарды өткізу Есептен шығару қағидаларының 72-тармағына сәйкес наряд негізінде жүзеге асырылады.

9. Сақтау филиалы Комитеттің мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтауды жүзеге асыратын ведомстволық бағынысты ұйымының оқшауланған құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

10. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттері және жұмылдыру тапсырыстары белгіленген ұйымдар (бұдан әрі – сақтау пункттері) болып мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтауды және сақтауға байланысты қызметтер көрсетуді шарт негізінде жүзеге асыратын заңды тұлғалар табылады.

## **2-тарау. Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығаруға немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізуге нарядтар беру мерзімдері**

11. Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттаманың негізінде жаңартуға байланысты және мемлекеттік материалдық резервтің номенклатурасы өзгерген кезде броньнан

шығару тәртібімен материалдық құндылықтарды шығару кезінде наряд сақтау филиалына/сақтау пунктіне мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталына шарт талаптарында көзделген иеліктен шығарылатын материалдық құндылықтар құнының толық төленгені туралы ақпарат енгізілгеннен кейін немесе кепілдік жарна шарт бойынша сату бағасына тең болған немесе одан асып кеткен жағдайда, сатып алу-сату шарты жасалғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде пошта арқылы немесе электрондық нысанда жіберіледі.

Сараптама жүргізу үшін материалдық құндылықтарды шығару немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізу кезінде наряд шығарылатын көлем үшін төлем алынғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде беріледі.

Жаңартылуға жататын мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын және номенклатура өзгерген кезде броньнан шығарылған материалдық құндылықтарды басқа мемлекеттік органдардың балансына өтеусіз негізде беру үшін материалдық құндылықтарды шығару кезінде наряд алушы мемлекеттік органдармен және мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органмен келісуден кейін мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган шешім шығарған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде беріледі.

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау үшін жаңарту тәртібімен материалдық құндылықтарды шығару кезінде наряд мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау үшін мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын пайдалану туралы шартты жасасқаннан кейін 1 (бір) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде беріледі.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 28.02.2022 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. Материалдық құндылықтарды қарызға беру тәртібімен шығару кезінде наряд мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті орган шешім қабылдағаннан кейін 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде беріледі.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 16.06.2023 № 329 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13. Материалдық құндылықтарды гуманитарлық көмек көрсету, босқындарға көмек көрсету үшін броньнан шығару тәртібімен шығару кезінде наряд Комитет оларды шығаруға Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімін алғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде беріледі.

Материалдық құндылықтарды нарыққа реттеушілік ықпал ету үшін броньнан шығару тәртібімен шығару кезінде наряд Комитетке шарт талаптарында көзделген

иеліктен шығарылатын материалдық құндылықтардың құны толық төленгенін растайтын құжат келіп түскеннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде беріледі.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдау үшін броньнан шығару тәртібімен материалдық құндылықтарды шығару кезінде наряд Комитет азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның оларды шығаруға шешімін алғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде беріледі.

Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай мен оның салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдау үшін броньнан шығару тәртібімен материалдық құндылықтарды шығару кезінде наряд Комитет әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және оны жою жөніндегі мемлекеттік органның оларды шығаруға шешімін алғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде беріледі.

Кәдеге жарату үшін броньнан шығару тәртібімен материалдық құндылықтарды шығару кезінде наряд кәдеге жарату көрсетілетін қызметін өнім берушімен шарт жасасқаннан кейін 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде беріледі.

Жою үшін броньнан шығару тәртібімен материалдық құндылықтарды шығару кезінде наряд мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті орган шешім қабылдағаннан кейін 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде беріледі.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 16.06.2023 № 329 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. Кәдеге жаратылған тауарларды аукцион өткізу тәртібімен өткізу кезінде наряд Комитетке шарт талаптарында көзделген иеліктен шығарылатын кәдеге жаратылған тауарлардың құны толық төленгенін растайтын құжат келіп түскеннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде беріледі.

Кәдеге жаратылған тауарларды басқа мемлекеттік органдардың балансына беру арқылы өткізу кезінде наряд мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның кәдеге жаратылған тауарларды басқа мемлекеттік органдардың балансына беру туралы шешім қабылдағаннан кейін 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде беріледі.

14-1. Нарядтағы жаңылыс жазуларды және (немесе) арифметикалық қателерді өзгерістер енгізу туралы наряд түзетеді және ол осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығаруға немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізуге наряд нысаны бойынша және осы Қағидалардың 18 және 19-тармақтарында көзделген даналар мөлшерінде жазып береді.

**Ескерту. Қағида 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 28.02.2022 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**



### **3-тарау. Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығаруға немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізуге нарядтар беру тәртібі**

15. Сақтау филиалдарынан материалдық құндылықтарды шығару немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізу кезінде нарядқа Комитеттің бірінші басшысы немесе оның орынбасары, Комитеттің мемлекеттік материалдық резервті есепке алуды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесінің басшысы және наряд беруге жауапты қызметкері, Комитеттің бас бухгалтері, Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымының бірінші басшысы, оның орынбасары, Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымының бас бухгалтері және Комитеттің мемлекеттік материалдық резервті есепке алуды жүзеге асыратын ведомстволық бағынысты ұйымының құрылымдық бөлімшесінің басшысы, олар болмаған жағдайда, оларды ауыстыратын адамдар өз қолымен немесе электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қояды.

Сақтау пункттерінен материалдық құндылықтарды шығару немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізу кезінде нарядқа Комитеттің бірінші басшысы немесе оның орынбасары, Комитеттің мемлекеттік материалдық резервті есепке алуды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесінің басшысы және наряд беруге жауапты қызметкері, Комитеттің бас бухгалтері, олар болмаған жағдайда, оларды ауыстыратын адамдар өз қолымен немесе электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қояды.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 28.02.2022 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

16. Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізу кезінде мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығаруға немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізуге нарядты Комитеттің мемлекеттік материалдық резервті есепке алуды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі жазып береді.

17. Материалдық құндылықтарды шығаруға немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізуге берілген нарядтарды Комитеттің мемлекеттік материалдық резервті есепке алуды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделген мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды немесе кәдеге жаратылған тауарларды шығаруға нарядтар беру журналына (бұдан әрі – нарядтар беру журналы) тіркейді.

Нарядтар беру журналы тігіледі, нөмірленеді және мөрмен бекітіледі.

Нарядтар беру журналы Комитеттің мемлекеттік материалдық резервті есепке алуды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесінің нарядтар беруге жауапты қызметкерінде сақталады.

18. Комитет сақтау филиалдарынан мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығаруға немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізуге төрт данада наряд жазып береді.

Нарядтың бір данасы Комитеттің мемлекеттік материалдық резервті есепке алуды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесінде қалады, екіншісі - Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымына, үшіншісі материалдық құндылықтарды немесе кәдеге жаратылған тауарларды алушыға (бұдан әрі – уәкілетті өкіл) беріледі, төртіншісі сақтау филиалына жіберіледі.

19. Комитет сақтау пункттерінен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығаруға немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізуге үш данада наряд жазып береді.

Нарядтың бір данасы Комитеттің мемлекеттік материалдық резервті есепке алуды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесінде қалады, екіншісі сақтау пунктіне жіберіледі, үшіншісі уәкілетті өкілге беріледі.

20. Нарядтың сақтау филиалына/сақтау пунктіне арналған данасы наряд жазып берілген күні кейіннен нарядтың түпнұсқасын тапсырысты хатпен жібере отырып, олардың электрондық поштасына сканерленген түрде жіберіледі.

21. Материалдық құндылықтарды немесе кәдеге жаратылған тауарларды саны, сапасы және жиынтықтылығы бойынша беру уәкілетті өкілдің қатысуымен жүргізіледі, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қабылдау-тапсыру актісімен ресімделеді.

Материалдық құндылықтарды немесе кәдеге жаратылған тауарларды сақтау филиалдарынан беру кезінде қабылдау-тапсыру актісінің төрт данасына уәкілетті өкіл, сақтау филиалының басшысы, бас бухгалтері, материалдық-жауапты адам қол қояды және ол мөрмен расталады.

Материалдық құндылықтарды немесе кәдеге жаратылған тауарларды сақтау пунктінен беру кезінде қабылдау-тапсыру актісінің үш данасына уәкілетті өкіл, сақтау пунктінің басшысы, бас бухгалтері, материалдық-жауапты адам қол қояды және ол мөрмен расталады.

22. Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізу жөнінде уақтылы есептілікті қамтамасыз ету үшін сақтау филиалы/сақтау пункті осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нарядты орындау актісін ресімдейді.

Нарядты орындау актісіне сақтау филиалының/сақтау пунктінің басшысы, бас бухгалтері және материалдық-жауапты адам қол қояды және ол мөрмен расталады.

23. Қабылдау-тапсыру актісін және нарядты орындау актісін сақтау филиалы/сақтау пункті Комитетке мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығарған немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жібереді.

Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығаруға немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізуге нарядтар беру қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

**Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығаруға немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізуге нарядтар беру журналы**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 28.02.2022 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Нарядтың нөмірі мен күні	Жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі, заңды тұлғаның атауы	Материалдық құндылықтар немесе кәдеге жаратылған тауарлар шығарылатын сақтау филиалының/сақтау пунктінің атауы және орналасқан жері	Шығару (жаңарту, жалға беру броньнан шығару тәртібі) немесе өткізу тәртібі, наряд беруге негіздеме	Нарядтар даналарының саны	Орындаушы	Нарядты алған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы және нарядты алған күні		
							Жеке немесе заңды тұлғадан алушы	Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымына алушы	Филиалдан/сақтау пункттерінен алушы

Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығаруға немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізуге нарядтар беру қағидаларына 2-қосымша  
Нысан

№ \_\_\_\_\_ қабылдау-тапсыру АКТІСІ

20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Қ.

\_\_\_\_\_ (сақтау филиалының/сақтау пунктінің атауы; басшысының лауазымы және аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі)

бас бухгалтер \_\_\_\_\_

—  
аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі  
және материалдық-жауапты адам \_\_\_\_\_

—  
аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі  
\_\_\_\_\_ жылғы № \_\_\_\_\_

сәйкес

мемлекеттік материалдық резервтен мынадай материалдық құндылықтардың немесе кәдеге жаратылған тауарлардың шығарылуын жүргізді:

P/c №	Материалдық құндылықтардың немесе кәдеге жаратылған тауарлардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Бірлік үшін бағасы, теңге	Сомасы, теңге

\_\_\_\_\_ (жазбаша) сомасына  
теңге

Шығарды:

Ұйым басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (қолы)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (қолы)

Материалдық-жауапты адам \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (қолы)

Мөрдiң орны

Қабылдады:

Уәкілетті өкіл: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (қолы)

Мөрдiң орны

Ескертпе: Қабылдау-тапсыру актісін сақтау филиалы/сақтау пункті шығарылған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Комитетке жібереді.

Мемлекеттік материалдық  
резервтен материалдық  
құндылықтарды шығаруға

немесе кәдеге жаратылған  
тауарларды өткізуге нарядтар  
беру қағидаларына 3-қосымша  
Нысан

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ нарядты орындау АКТІСІ

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ қ.

\_\_\_\_  
(сақтау филиалының/сақтау пунктінің атауы; басшысының лауазымы және аты,  
әкесінің аты (болған жағдайда), тегі)

бас бухгалтер \_\_\_\_\_

\_\_\_\_,  
аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі

және материалдық-жауапты адам \_\_\_\_\_

\_\_\_\_,  
аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ нарядтың негізінде мемлекеттік  
материалдық резервтен төменде көрсетілген материалдық құндылықтарды немесе  
кәдеге жаратылған тауарларды шығару туралы осы актіні жасады:

Р/с №	Материалдық құндылықтарды ң немесе кәдеге жаратылған тауарлардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Бірлік үшін бағасы, теңге	Сомасы, теңге

Сомасы (жазбаша) \_\_\_\_\_

теңге

Ұйым басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (қолы)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (қолы)

Материалдық-жауапты адам \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (қолы)

Мөрдiң орны

Ескертпе: Нарядты орындау актісін сақтау филиалы/сақтау пункті шығарылған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Комитетке жібереді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК